

Ұжымдық шарт

2023-2026 жыл


№20 Т.Бердияров атындағы жалпы
орта білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі

« 5 » 01 2023 жылы кәсіподақ ұйымының жиналысында
қабылданды

Білім беруші:
№20 Т. Бердияров атындағы жалпы орта білім
беретін мектебінің директоры, Е. Юсупов




Бастауын кәсіподақ комитетінің төрағасы:
А. Шерашиев



Тіркелді: № 30 16.01 2023 жыл

Түркістан облысы бойынша еңбек инспекторы

М. Темірбаева 

Хаттама

«4» қаңтар 2023ж

Жалпы ұжымдағы кәсіподақ

мүшелерінің саны 58

Қаралған мәселе

1. Ұжымдық шартты талқылау, бекіту.

Тыңдалды

Хабарлама жасады Е. Юсупов мектеп директоры өз пікірлерін ортаға салып сөз сөйледі.

1. Г. Жултаева

2. М. Тагаев

3. М. Абдразахова

Ұсыныс

жасады _____

_____ барлығы ұсынылды.

Комиссия мүшелеріне 1. К. Зулкайнароров

2. Д. Агабекова

3. Б. Раева

Жалпы жиналыс қаулы етті :

1. Комиссия мүшелерінің құрамы бекітілсін.
2. Азаматтық қызмет беруші және азаматтық қызмет алушы тараптарының екі жақты «Ұжымдық шарты» бекітілсін.
3. Ұжымдық шарттың орындалуын қадағалау екі тараптан құрылған комиссия мүшелеріне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы _____

Хатшысы _____



А. Шералиев

Б. Раева

1-бөлім. Шарт жасаушы екі жақтың өзаралық қатынастарының жалпы принциптері:

Ұжымдық шарт 2023 жылғы қаңтар айының 5 жұлдызында қабылданып, күшіне енген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің «Еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік және ұжымдық қатынастар» атты 3-бөлімінің 13-тарауы, 147-154 баптары, 14-тарауы «Ұжымдық шарт», 16- тарауы «Ұжымдық еңбек дауларын қарау» негізінде қабылданды. Бұл шарт мекеме әкімшілігімен еңбек ұжымы арасындағы қарым –қатынастардың құқылық негізде мүддесін келісімге келтіру мақсатымен қолданып жүрген заңға сәйкес қабылданды.

Ұжымдық шартты, әзірлеу мен жасау барысында тараптар келіс-сөздер жүргізудің келесі принциптері қамтамасыз етті:

- тараптар мүдделерінің құқықтылығы және оларды құрметтеу;
- ұжымдық шарттың немесе келісімнің мазмұнын құрайтын мәселелерді талқылаудағы таңдау еркіндігі;
- тараптардың міндеттемелер қабылдау еріктілігі;
- Қ.Р еңбек заңнамасын сақтау;
- Ұжымдық шарт, біріншіден мекеме әкімшілігінің еңбекпен жалақы мәселелері жөніндегі және жұмысшылардың, қызметкерлердің әлеуметтік , экономикалық мүддесін қамтамасыз етудегі міндеттерді белгілейді.
- екіншіден мекеме әкімшілігінің құқылары мен мүддесінің жүзеге асудағы ұжым мүшелерінің жауапкершілігін белгілейді.

2- бөлім. Екі жақтың өзаралық міндеттері:

Мекеме әкімшілігінің міндеттері:

1.Кәсіподақ комитеті мен өзаралық қатынаста.

1.1. Комитеттің қоғамдық ұйымның сайлаулы органы ретінде еңбек ұжымының мүддесін қорғау өкілеттілігін мойындау

1.2. Сайлаулы кәсіподақ орган мүшелерін ұжым мүддесімен байланысты қоғамдық жұмыс атқару, семинарға қатысу үшін, кәсіподақ съездеріне , конференцияларына делегат есебінде қатысу үшін жұмыстан босатуды, орташа еңбек табысын сақтауды қамтамасыз етеді.

1.3. Сайлаулы кәсіподақ орган мүшелеріне Заңды негізде берілген кепілдіктердің орындалуының қамтамасыз етілуін, жоғарғы кәсіподақ органдарының келісімінсіз оларға тәртіп жазаларының қолдануына орын бермеу

1.4. Кәсіподақ комитеттерінің тапсырған тізімі бойынша қызметкерлердің, жұмысшылардың өтініштері бойынша еңбек ақысынан кәсіподақ жарналарының

«Келес ауданы бойынша Сапарәлі Селтанов атындағы білім, спорт және бюджеттік мекемелері қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі кәсіподақ ұйымының есеп шотына ай сайын аударылып тұруына ықпал жасау.

1.5. Кәсіподақ комитетіне еңбек туралы және еңбек қорғау туралы заңдарының орындалуын бақылауына, зейнеткерлік, тұрғын үй заңдарының сақталуын қадағалауға, өз мүшелерінің экономикалық, әлеуметтік жағдайларын жақсартуына кедергісіз барлық мүмкіншілікті жасау.

1.6. Білім саласынан экономикалық, әлеуметтік бағдарламалары жайлы қаулылардың дайындауына, қабылдауына кәсіподақ комитеттері мүшелерінің қатысуын қамтамасыз ету.

1.7. Бір ай бұрын алдын-ала қысқартылатын жұмыс орындары жайлы кәсіподақ комитетінің ескертілуін қамтамасыз ету. Кәсіподақ комитетімен жұмыс орны қысқартылатын қызметкерлердің, жұмысшылардың құқыларының сақталуы жайлы келісім жүргізу.

1.8. Кәсіподақ өкілдеріне жұмысшылардың қызметкерлердің жұмыс орнындағы жағдайларымен танысуына, өз іс-қимылдары жайлы баспасөзге шығуға кедергі жасамауға.

1.9. Келесі мәселелер бойынша кәсіподақ комитетімен біріге отырып шешімдер қабылдау:

- еңбек қорғау және еңбек жағдайларын жақсарту мәселелерін реттеу актілерін қабылдау;
- ішкі еңбек тәртібін белгілеу, сабақ кестесін бекіту;
- еңбек ақы төлеу жүйесін белгілеу, қайта қарау тарифтік ставка мөлшерін, еңбек нормаларын белгілеу, біліктілік санаттарды тағайындау, құрметті атақ беру, марапаттау;
- кезекті еңбек демалысының кестесін бекіту.

2. Қызметкерлерге, жұмысшыларға еңбек ақы төлеу шарттары және олардың еңбегін нормалау, мөлшерлеу.

2.1. Еңбек ақыны біріңғайлы тарифтік кесте, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер негізінде төлеу.

2.2. Кәсіпті (қызметті) жоқ адамның орнына негізгі жұмыс уақытымен қатар атқарғаны үшін, өзінің жалақысының 50% мөлшері көлемінде қосымша ақы төлеу

2.3. Күзетшіге, еден тазалаушыға жоқ жұмысшыны белгіленген кесте бойынша алмастырып, міндеттерін толық көлемде атқарғаны үшін 100% мөлшерде қосымша ақы төлеу

2.4. Білім мамандарына еңбек ақыны төлеу Қ.Р. Президенті бекіткен мемлекеттік қызметкердің Еңбекақы төлеудің біріңғай жүйесі негізінде жүзеге асыру

2.5. Ағымдағы айдың жалақысын келесі айдың бірінші онкүндігі аяғына дейін

төленуді қамтамасыз ету. Мемлекеттік қызметшілерге бонустар төлеу, материалдық көмек көрсету сондай-ақ «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықтарына үстемақылар белгілеу шарттарын ҚР Президенті айқындаған тәртіппен жүргізу.

2.6. Осы белгіленген мерзімнен жалақы кешіктіріліп берілген жағдайда жұмыс беруші қызметкерлерге, жұмысшыларға «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің» 113 бабының 3- тармағы негізінде берешек пен өсімақы төлеуге міндетті.

2.7. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің» 113 бабының 2- тармағы негізінде жұмыс беруші жалақы төлеу кезінде әрбір қызметкерге, жұмысшыға тиісті кезеңдегі тиесілі жалақының құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың (табыс салығы, зейнеткерлік қорға ерікті жарна, аванс, жіберілген жұмыс күні) сонымен қатар жұмыста болмаған адамның міндеттерін орындағаны үшін төлемақының көлемі көрсетіліп, сондай-ақ ағымдағы айда төленуге тиісті ақша сомасы туралы мәліметтерді жазбаша түрде ай сайын хабарлауға міндетті.

2.8. Жұмысшыларды, қызметкерлерді кезекті еңбек демалысының кестесімен 15 күн немесе бір ай бұрын таныстыру

2.9. «Қ.Р Еңбек кодексінің» 92 бабының 4- тармағы негізінде ол басталғанға дейін кемінде 3 күнтізбелік күннен кешіктірілмей еңбек демалысының ақысын төлеу

2.10. Бөлімде істейтін мемлекеттік қызметшілерге 2 айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысын төлей отырып ұзақтығы 30 күнтізбелік күнге еңбек демалысын беру. Азаматтық қызметшілерге ҚР Еңбек кодексінің 137,139 бабының 10- тармағы негізінде лауазымдық жалақысының 1 айлық мөлшерінде сауықтыру жәрдемақысын төлей отырып ұзақтығы 30 күн-тізбелік күнге еңбек демалысын беру. Жұмысшыларға ҚР Еңбек кодексінің 88 бабы негізінде ұзақтығы 24 күнтізбелік күнге еңбек демалысын беру

2.11. Бірінші және екінші топтағы мүгедектер қатарына жататын қызметкерлерге ҚР Еңбек кодексінің 2 бөлім, 7 тарау, 89 баптың 1- тармақ, 2- тармақшасы негізінде кезекті еңбек демалысын жалғастырып немесе олардың қалауы бойынша басқа мезгілде ұзақтығы 6 күн болатын ақылы қосымша еңбек демалысын беру міндетті

2.12. Кезекті еңбек демалысының кестесін жұмыскердің сұрауы бойынша сауықтыру орнына жолдама алған жағдайда, басқа себепті жағдайларына кәсіподақ комитетінің талап-тілегі бойынша өзгерту

2.13. Қызметкерлерді аттестациялау, тарификациялау тәртібін кәсіподақ комитетінің қатысуымен белгілеу

2.14. Жас балалы әйелдер үшін икемді жұмыс, сабақ кестесін белгілеу.

- 2.15. «Қ.Р Еңбек кодексінің» 99 бабы негізінде әйелдерге жүктілікке және босануға байланысты ұзақтығы 126 күнге ақылы демалыс беруге міндетті.
- 2.16. «Қ.Р Еңбек кодексінің» 100 бабы негізінде баласы 3 жасқа толғанша жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті
- 2.17. Тазалықа жауапты және басқа жұмысшылар үшін мөлшерленген демалу үзілісін, нның уақытын белгілеу
- 2.18. Жұмысшыларға ,күзетшілерге еден тазалаушыларға , ҚР Үкіметінің 31 желтоқсан 2015 ж № 1193 қаулысының 6- тармақ , 2- тармақшасы негізінде еңбекақы қоры үнемделген жағдайда жылына 1 рет олардың лауазымдық жалақысы мөлшерінде материалдық көмек көрсету.

3. Жұмысқа қабылдау, ауыстыру және шығару шарттары;

- 3.1. «Қ.Р Еңбек кодексінің» 25- бабы, 28-бабы, 30- бабы негізінде жұмысқа еңбек шарты бойынша тағайындалып отырған лауазымның аты, еңбек ақыны төлеу тәртібі көрсетіліп алу.
- 3.2. Мекеме жойылған немесе штат қысқартылған жағдайда қызметкерлерді жұмыстан шығрылуы жайлы алдын-ала бір ай бұрын ескерту, ҚР Еңбек кодексінің 131- бап 2 тармағы негізінде жұмыстан шығарылғанда жалақының орташа 2 айлық мөлшерінде өтемақы төлеу.
- 3.3. Мекеме басшысының бастамасы бойынша қызметкерлерді, жұмысшы жұмыстан шығарған жағдайда кәсіподақ комитетінің пікірін ескеру

4. Мамандықты арттыру.

- 4.1. Озат педагогикалық тәжірбиені, жаңа технологияларды насихаттау мақсатымен өткізілетін семинар, байқау , конференцияларға қызметкерлерді тарту
- 4.2. Мамандардың білімін, методикалық шеберлігін жетілдіру шараларын белгілеу, оған жағдай жасау.
- 4.3. «Қ.Р Еңбек кодексінің» 118 бабының 3- тармағы негізінде жұмыс берушінің қаражаты есебінен мамандардың біліктілігін арттыру курсы кезеңіндегі орташа жалақысының сақталуын қамтамасыз ету.

5. Ұжымның әлеуметтік дамуы.

- 5.1. Тұрғын үй салу, бау- бақша , мал өсіру үшін жер бөлуіне ықпал жасау
- 5.2. Жас отбасылардың, мұқтаждық көріп отырған қызметкерлердің, жұмысшылардың мал сатып алу , үй салу үшін несие алуларына кепілдік беруші болу.

6. Таза жағдайды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

- 6.1. Еңбек және техника қауіпсіздік жөніндегі нұсқауларды дайындау, бұл салаға жауапты қызметкерлердің, жұмысшылардың оқуын белгіленген кесте

және жоспар бойынша өткізуге міндетті.

- 6.2. Қарасты қызметкерлерді, жұмысшыларды аталған нұсқауларымен, тіркеу журналдарымен қамтамасыз ету.
- 6.3. Жұмысшыларды, қызметкерлерді қауіпсіздік техника сұрақтары бойынша мерзімді семинар-оқудан өткізіп, олардың білімін тексеру.
- 6.4. Қауіпсіздік техника бұрыштарының жабдықталуын қамтамасыз ету
- 6.5. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 182-бабы негізінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шаралардың міндетті түрде қаржыландыруын жоспарлауға жауапты.
- 6.6. Психологиялық ауыртпалықтан серіктіру бөлімдерінің ашылуына ықпал жасау
- 6.7. Жұмысшыларды, қызметкерлердің қажетті арнайы киім және залалсыздандыру материалдарымен қамтамасыз ету.
- 6.8. Жұмыс орындарын зиянды және қауіпті жағдайлар мөлшеріне инструменталдық тексеруден өткізу.
- 6.9. Жұмыс орындарының қауіпсіздік техника ережелеріне сәйкестігін ережелердің сақталуын бақылау.
- 6.10. Қызметкерлердің өз лауазымына байланысты еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі мәселелері және нормативтік құжаттар бойынша білімін жетілдіру оны тексеру.
- 6.11. Белгіленген ереже бойынша жұмыс орнына қызметкерлердің жазатайым жарақатқа ұшырау жағдайларын тексеру.
- 6.12. Еңбек міндеттерін орындау кезінде қызметкерлердің, жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда, келтірілген зиянды жұмыс беруші тарапынан өтеу Қ.Р азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Кәсіподақ комитетінің еңбек ұжымының берілген өкілеттілігіне сәйкес міндеттері:

1. Әкімшілікпен қарым-қатынас міндеттері:

- 1.1. Мекеме ішілік еңбек ережелерінің орындалу, қызметкерлерді шығармашылық белсенділікке ынталандыру мақсатымен еңбек ұжымы мүшелері арасында тәрбие жұмысын жүргізу.
- 1.2. Ұжымда кәсіподақ тарапынан ұйымдастырылатын жаппай көпшілік шаралар туралы, олардың мақсаты жайлы 2 күн бұрын алдын ала ескерту.
- 1.3. Ұйымдастырылатын шараларды жұмыс процесіне кедергі келтірмей жүргізу.
- 1.4. Кәсіподақ комитеттеріне берілген бөлмелердің, оның ішіндегі жабдықтардың сақталуына жауап беру.
- 1.5. Еңбек қауіпсіздігі техникасының ережелерінің орындалуын, жұмыс орындарының белгіленген талаптарға сай екендігін бақылау.
- 1.6. Қызметкерлердің жазатайым жарақатқа ұшыраған жағдайларды тексеруге қатысу.

1.7. Қызметкерлердің жұмыс орындарындағы жағдайды жақсарту туралы өтініштерін қарап, ол мәселелердің шешілуіне ат салысу.

1.8. Қызметкерлерге, жұмысшыға жұмыс орнында жазатайым ұшыраған себептен түскен нұқсанды, еңбекке жарамсыздыққа душар болған жағдайлардың өтемін төлеу үшін құрылған комиссия жұмысына қатысу.

1.9. Қ.Р. «Еңбек кодексінің» 3 бөлім 16-тарауы, 164, 165-баптары негізінде әлеуметтік шиеленісуі жағдайлардың шешілуі жолдарының табылуына ықпал туғызу, дер кезінде еңбек ұжымындағы шешімі табылмай жатқан мәселелер, толғағы жеткен еңбек даулары жайлы хабарлау.

Олардың шешілу жайлы келісім –сөз жүргізіп, табандылықпен барлық заңды жолдарына пайдалану. Ереуілден әкімшілік тарапынан еңбек дауларын шешу шаралары нақтылы қабылданып, бекітілген міндеттерді орындалған жағдайда ғана бас тарту.

2-бөлім. Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау.

1. Қ.Р «Еңбек кодексінің» 158 бабы негізінде шарттың орындалуын бақылау мақсатымен тарифтік комиссия құрылады. Комиссия тек құқықтық негізде кәсіподақ комитеті мүшелерінен құрылады.

2. Шартты қабылданған екі жақ тарифтік комиссияның талабы бойынша керекті деректі, анықтамаларды 3 күн ішінде тапсыруға міндетті.

3. Жүйелі түрде жылына екі рет әкімшілік және кәсіподақ комитеттері төрағалары кәсіподақ жиналысында қабылданған міндеттерінің орындалуы жайлы есеп беріп отырады.

4. Қ.Р «Еңбек кодексінің» 158 бабының 5 тармағы негізінде тарифтік комиссия шартқа отырған бір жақ өзінің алған міндеттерін орындамады деп тапса, екінші жақ заңға сәйкес шартты орындамаған серіктесіне қатаң әрекет қабылданып, дауды шешу үшін ең ақырғы әдістерге дейін барады.

Осы ұжымдық шарт 6 (алты) парақтан, бір беттен тұрады.

2-бөлім. Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау. Тараптардың жауапкершілігі

1. Қ.Р «Еңбек кодексінің» 158 бабы негізінде шарттың орындалуын бақылау мақсатымен тарифтік комиссия құрылады. Комиссия тек құқықтық негізде кәсіподақ комитеті мүшелеріне құралады.
2. Тараптар мынандай келісімге келді.
3. Жұмыс беруші ұжымдық шартқа қол қойылған күннен бастап 7 күн ішінде оны жергілікті атқарушы органдарға тіркеуге жібереді.
4. Осы ұжымдық шартты орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бірлесіп әзірлейді.
5. Ұжымдық шартты және оның ережелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруға бақылау жүргізеді және бақылау нәтижелері туралы еңбек ұжымының жиналысында жылына бір рет, келесі есеп беру жылының 10-шы ақпанынан кешіктірмей есеп береді.
6. Ұжымдық шарттың қолданылу мерзімінде туындаған, оның орындалуымен байланысты барлық келіспеушіліктер мен жанжалдарды апталық мерзімге қарайды.
7. Жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешудің заңнамамен белгіленген тәртібін қадағалайды, қызметкерлердің соңғы шара – ереуілді қолдануын ескерту мақсатында жанжалдың пайда болуына әкеп соғатын себептерді болдырмау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланады.
8. Ұжымдық шарттың міндеттемелерін бұзған немесе орындамаған жағдайда, кінәлі тарап немесе кінәлі тұлғалар заңнамамен көзделген тәртіпте жауапқа тартылады.
9. Осы ұжымдық шарт 2023- 2026 жылдар ішінде жарамды.
10. Жаңа ұжымдық шартты жасау жөніндегі келіссөздер, осы ұжымдық шарттың жарамдылық мерзімі аяқталғаннан 2 ай бұрын басталады.

Шарттың жасалған күні: 2023 жылғы “ 4 ” 01 _____

Ұжымдық шартқа қол қойғандар:

Мектеп директоры:

Юсупов Ержан Ускенбаевич

Т.А.Ә

Кәсіподақ комитетінің төрағасы:

Шералиев Айбек Скендерович

Т.А.Ә

